

"Есет батыр Көкіұлы ауылының көшелеріне атау беру туралы" 2012 жылғы 30 наурыздағы № 11 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Алға ауданы Бесқоспа ауылдық округінің әкімінің 2015 жылғы 03 қыркүйектегі № 26 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 25 қыркүйекте № 4526 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 3 шілдедегі № 121-V "Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әртүрлі заңнамалық актілердің құқық нормалары арасындағы қайшылықтарды, оқшылықтарды, коллизияларды және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін нормаларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Конституциялық Заңына сәйкес, Бесқоспа ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Бесқоспа селолық округі әкімінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 11 "Есет батыр Көкіұлы ауылының көшелеріне атау беру туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-3-142 болып тіркелген, 2011 жылғы 06 мамырда аудандық "Жұлдыз-Звезда" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін :

көрсетілген шешімнің мемлекеттік тіліндегі деректемелерінде және мәтнінде " селолық" сөзі "ауылдық" сөзімен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бесқоспа ауылдық округінің әкімі

Т. Габбасов